


БЕКІТЕМІН
ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Меңгерушісі Н.К. Кудабоева

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
2023-2026 оқу жылына**

Қамқоршылық кеңестің ЕРЕЖЕСІ

Жалпы Ереже:

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі»

2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді

2. Қамқоршылық кеңес ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК ұйымның дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган болып табылады. Өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық пен шынайылық.

Қамқоршылық кеңестің функциялары:

1) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

2) мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

3) мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді келіседі;

4) мектепке дейінгі ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

5) тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға,

олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

6) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

7) мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тындайды;

8) қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалудына бақылауды жүзеге асырады;

9) мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

10) ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне анонимді сауалнама жүргізу арқылы мектепке дейінгі ұйымда оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

11) мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелерде және спорт секцияларына қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

12) педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналыстарын өткізеді;

13) педагогтер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

14) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

2) мектепке дейінгі ұйымды тарату, қайта ұйымдастыру кезінде;

3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;

4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);

2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.

Шығыс Қазақстан облысы
Білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің
«КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ
БАЛАБАҚШАСЫ»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны



«Коммунальное государственное
казенное предприятие
«ДЕТСКИЙ САД СЕЛА
КУРЧУМ» отдела образования
по Курчумскому району
управления образования
Восточна-Казахстанской
области»

БҰЙРЫҚ

«04 » қыркүйек 2023 жыл
Күршім ауылы

ПРИКАЗ

№14
с.Курчум

Балабақшада қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9- тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестік жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшаға Қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Кеңестік құрамы 1 қосымшаға сәйкес төмендегідей бекітілсін:
Төрайымы: Г.Сатбаева- ЖК «Медина» жеке кәсіпкер
Мүшелері:
 1. Аймухаметов Е.Н –ЖК «Аймухаметов Е.Н»
 2. Рахимова-Чупенова Раушан- ЖК «Рахимова –Чупенова» -жеке кәсіпкер
 3. Ж.Кадролдинова –Күршім ауруханасы қызметкері
 4. Г.Камзағалиева – көп балалы ата-ана
 5. Тлеужанова А – Ментальды арифметика ұстазы
 6. Сыздыкова – көп балалы ата-ана
 7. Т.Кайратова – көп балалы ата-ана

Хатшы: Р.Измайлова -Н.Островский атындағы №4 орта мектебінің мұғалімі

Балабақша меңгерушісі:

Кудабаева



Кудабаева Н.К.

ҚАРАЛДЫ

Қамқоршылық кеңес отырысында

04.09.2023

Хаттама №1

БЕКІТЕМІН

ШҚО білім басқармасы

Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
меңгерушісі Н.К. Кудабоева

Қамқоршылық кеңес отырысының жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 отырыс 1.Қ/к құрамын бекіту, төрағаны және хатшыны сайлау, Қ/к ережесін талқылау, жұмыс жоспарын бекіту. 2. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен және жұмысымен таныстыру, есеп беру 3. Білім Министрлігінің нормативтік құжаттары бойынша 2023-2024 жылдарға арналған балалармен жұмысты ұйымдастыру (әдіскердің сөзі). 4. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызметінің жылдық жоспарымен танысу (Тәрбиеленушілер тегін оқу-құралдарымен және гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету. Тегін тамақпен Көпбалалы және аз қамтылған тәрбиеленушілер қамтылған	04.09.2023	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Кудабоева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И
2	№ 2-ші отырысы 1.Балабақшада балалардың қауіпсіздігі бойынша қабылданатын шараларды талқылау 2.Балабақша меңгерушісінің ұйымның білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы ақпарат 3.Балабақшадағы балаларға арналған жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу 4.Қайырымдылық акцияларын өткізу туралы	07.11.2023	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Кудабоева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И
3	1. Сапалы тамақтануды ұйымдастыру туралы. Балабақшадағы тамақтану құжаттарын қарау. 2. Ағымдағы жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы. 3. Балабақша аумағын абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру.	28.03.2024	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Кудабоева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И
4	1. Қамқоршылық кеңес төрайымының есебі. Келесі жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау. 2. Басшының бір жылдағы білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы ақпарат. 3. Балабақшадағы жазғы сауықтыру іс-шаралары туралы мәселені қарау. Есеп беру	28.05.2024	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Кудабоева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 1**

04.09.2023 ж

Қатысқаны: 13 адам Измайлова Р
 Сатпаева Г
 Айтмухамбетов Е
 Рахимова-Чупенова Р
 Кадролдинова Ж
 Тлеужанова А
 Камзағалиева Г
 Сыздыкова Э
 Қайратова Т
 Кудабоева Н.К меңгеруші
 Адылбекова А.А әдіскер
 Колдешева М.М медбике
 Жұмағалиева И есепші

Жиналыс төрайымы: Сатбаева Гульдана сайланды.

Хатшы: Измайлова Римма.

Төрайым етуші Құрылтай жиналысына жиналыстың барлық құрылтайшылары қатысатынын хабарлады.

Төрайым етуші келесі күн тәртібін ұсынды:

1. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы. Кеңес қызметінің негізгі бағыттарын бекіту туралы.
2. Қ/к ережесін талқылау, жұмыс жоспарын бекіту.
3. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
4. Білім Министрлігінің нормативтік құжаттары бойынша 2023-2024 жылдарға арналған балалармен жұмысты ұйымдастыру.
5. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызметінің жылдық жоспармен танысу.

Қабылданды: бірауыздан.

Күн тәртібін бекіту туралы шешім қабылдадық.

І...Қамқоршылық кеңесінің мүшелері төрайыммен хатшыны анықтап, Төрайымға Сатбаева Гулдананы, Хатшылыққа Измайлова Римманы ұсынды. Дауыс берді: 13, қарсы-0, қалыс қалды -0
Бірауыздан қабылданды.

2. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сәтпаева Гульдана сөз сөйлеп Қамқоршылық кеңестің құрамы туралы шешім қабылдауды ұсынды.

3. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызметінің жылдық жоспарымен танысу сұрағы жайлы мекеменің есепшісі Жумағалиева И. сөз сөйледі. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызметінің жылдық жоспарымен Тәрбиеленушілер тегін оқу-құралдарымен және гигиеналық құралдармен қамтамасыз етіледі. Тегін тамақпен көпбалалы және аз қамтылған тәрбиеленушілер қамтылған. Бекітілген білім бөлімімен қаржылық жоспар бойынша қаржы жұмсалуда, үнемі бақылауда.

Шешім: жетім, көпбалалы, аз қамтылған балаларға үнемі көмек берілсін.
Дауыс берді: 13, қарсы-0, қалыс қалды -0

Төрағалық етуші Сәтпаева Г. Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды, талқыланды, шешімдер қабылданды, қабылданған шешімдерді үнемі назарда болады деп, қамқоршылық кеңестің отырысын аяқтады.

Шешім:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2023 – 2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

1. Сәтбаева Гульдана – Қамқоршылық кеңестің төрағасы.
2. Измайлова Римма – Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Аймухаметов Е.Н –ЖК «Аймухаметов Е.Н»
2. Рахимова-Чупенова Раушан- ЖК «Рахимова –Чупенова» -жеке кәсіпкер
3. Ж.Кадролдинова –Күршім ауруханасы қызметкері
4. Г.Камзағалиева – көп балалы ата-ана
5. Тлеужанова А – Ментальды арифметика ұстазы
6. Сыздыкова – көп балалы ата-ана
7. Т.Кайратова – көп балалы ата-ана

2. Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.


3. Қамқоршылық кеңес ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК МДҰ Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын.

4. Жетім, көпбалалы, аз қамтылған балаларға үнемі көмек берілсін

5. Қамқоршылық Кеңестің 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленіп, балабақша меңгерушісімен бекітілсін

Төрайым: Сәтбаева Г

Хатшы: Измайлова Р



**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 2**

07.11.2023 ж

Қатысқаны: 13 адам Измайлова Р

Сатпаева Г

Айтмухамбетов Е

Рахимова-Чупенова Р

Кадролдинова Ж

Тлеужанова А

Камзағалиева Г

Сыздыкова Э

Қайратова Т

Кудабаева Н.К меңгеруші

Адылбекова А.А әдіскер

Колдешева М.М медбике

Жұмағалиева И есепші

Қ/к төрайымы келесі күн тәртібін ұсынды:

- 1.Балабақшада балалардың қауіпсіздігі бойынша қабылданатын шараларды талқылау
- 2.Балабақша меңгерушісінің ұйымның білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы ақпарат
- 3.Балабақшадағы балаларға арналған жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу
- 4.Қайырымдылық акцияларын өткізу туралы

Тыңдалды:

- 1.Балабақшаның қауіпсіздігі бойынша медбике және шаруашылық меңгерушісі 2023-2024 оқу жылына бекітілген жұмыс жопарларын таныстырды. Атап айтсақ жыл мезгіліне орай күнделікті тамақ нормалары мен эпид сезон кезінде имунитет нығайту мақсатында дәрумендер берілетінін сонымен қатар бракераж комиссиясының құрамында болып көре алатындарын ескерді. Шаруашылық меңгерушісі барлық қауіпсіздік бойынша қарастырылған. Терезелердің барлығы қысқа замокпен бекітілді, шкафтар ауыстырылды.
2. Білім беру қызметінің сапасы жылдан жылға жақсаруда. Оған арнайы жағдайлар жасалып жатқанын, ерекше білімді қажет ететін балаларға тегін тамақпен қамтамасыз етіліп, жағдайлар қарастырылған. Тәрбиешілер күн

тәртібі бойынша сменмен жұмыс жасайды. Жылға жоспар бекітіліп, жұмыс өз уақытымен орындалатынын атап өтті.

3. Балабақшадағы Жаңа жылдық мерекенің өткізу қауіпсіздігі Ш.меңгерушісіне тапсырылғанын айтты. Жоспар бойынша бекітілген күні жас ерекшеліктеріне сай көңілді кеш ұйымдастырылады. Клек жағын әр топ ата-аналары ақылдасып өздері шешеді.

4. Балабақшада ұйымдастырылған жәрмеңкеден түскен қаражат мәселесі.

I.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сәтбаева Гульдана сөз сөйледі.

Балабақшаны жабдықтауға қолдау көрсету мақсатында ата аналармен жәрмеңке ұйымдастырылды. Әр топтың ата аналар комитеті топтарында ата аналардың өз қолдарымен даярлаған тағамдарын сатып, түскен қаражатқа есеп берді.

«Қарлығаш» тобы 14 000 тенге

«Ақбота» тобы 15000 тенге

«Айгөлек» тобы-22 900 тенге

«Балдырған» тобы 19 000 тенге

«Құлпынай» тобы 21 000 тенге

«Балапан» тобы 18 000 тенге

Жәрмеңкеден түскен қаражатты әр топқа қажетті заттарды алуға жұмсауға ұсынамын.

Сондай - ақ «Балдырған» ересек тобының ата- аналары өз тараптарынан ұлттық құндылықтарды қолдау мақсатында топқа киіз үй мен жабдықтары сыйға тартты.


Шешім:

1.ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2023–2024 оқу жылының қауіпсіздік жоспары жүзеге асырылсын.

2. Жәрмеңкеден түскен қаржы есебі ата-аналар жиналысында есебі тыңдалсын

Төрайым: Сәтбаева Г

Хатшы: Измайлова Р



**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 3**

28.03.2024 ж

Қатысқаны: 13 адам Измайлова Р
 Сатпаева Г
 Айтмухамбетов Е
 Рахимова-Чупенова Р
 Кадролдинова Ж
 Тлеужанова А
 Камзагалиева Г
 Сыздыкова Э
 Қайратова Т

Кудабаева Н.К	меңгеруші
Адылбекова А.А	әдіскер
Колдешева М.М	медбике
Жұмағалиева И	есепші

Жиналыс төрайымы: Сатбаева Гульдана сайланды.

Хатшы: Измаилова Римма.

Төрайым етуші Құрылтай жиналысына жиналыстың барлық құрылтайшылары қатысатынын хабарлады.

Төрайым етуші келесі күн тәртібін ұсынды:

1. Сапалы тамақтануды ұйымдастыру туралы. Балабақшадағы тамақтану құжаттарын қарау.
2. Ағымдағы жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы.
3. Балабақша аумағын абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Колдешев М.М сөйледі. Өз сөзінде медбике балабақшадағы балалардың дұрыс тамақтандыруына барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты екені туралы айтты. Балаларды дұрыс тамақтандыруы, оның сапасы, қауіпсіздігі үшін балабақшада үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда тікелей адамдар жауапты : олар балабақша медбикесі, шаруашылық меңгеруші, аспазшылар, асхана қызметкерлері, топта жауапт тәрбиешінің көмекшісі мен тәрбиеші, және үстінен қарайтын балабақша меңгеруші жауап береді- деді. Жалпы балабақшада балалардың тамақтану үнемі назарда, тамақтану ережелері қатан сақтауда. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа,

жемісжидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәндідақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырамыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұру үшін: ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздары қамтамасыз етеді. Сондықтан осы азық-түліктерді баланың күнделікті тамақтану үрдісіне қосамыз. Дұрыс тамақтанудың негізі-бұл ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар. Тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар "мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" мемлекеттік құжатында көрсетілген. Осы құжаттарды басшылыққа алудамыз. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

Жарыс сөз: Осы сұрақ бойынша кеңес мүшелері Измайлова Р., Рахимова-Чупенова Р. сөз сөйледі. Наурыз айының 10-күндік ас мәзірі, күнделікті ас мәзірі, балаларға беру нормалары, сапасы, құжаттары каралды, тазалықтарын, мәдени-гигиеналық шараларды, барлығын көзбен көрдік, тамақтандыру процесіне қатыстық. Шағым жоқ.

2. Шаруашылық меңгерушісі Н.Торгаева :Ағымдағы жөндеу жұмыстары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығы негізінде «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» 4 тарау 60 тармағы бойынша Жыл сайын объектілерде ағымдағы жөндеу жүргізіледі делінген. Сондықтан даладағы ойын алаңдарын краскілеу, топ іштерін әктеу жұмыстары жаңа оқу жылына дейін аяқталатын болады.


3. Әдіскер Адылбекова А: Есік алдына абаттандыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі. Арнайы тапсырмалар беріледі. Жаңа оқу жылына дайын болады.

Шешім:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2023 – 2024 оқу жылына сапалы тамақ ұйымдастыру назарға алынсын
2. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру Н.Торгаеваға жүктелсін.
3. Аббаттандыру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрайым: Сәтбаева Г

Хатшы: Измайлова Р



**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 4**

28.05.2024 ж

Қатысқаны: 13 адам Измайлова Р
Сатпаева Г
Айтмухамбетов Е
Рахимова-Чупенова Р
Кадролдинова Ж
Тлеужанова А
Камзағалиева Г
Сыздыкова Э
Қайратова Т

Кудабаева Н.К	меңгеруші
Адылбекова А.А	әдіскер
Колдешева М.М	медбике
Жұмағалиева И	есепші

Жиналыс төрайымы: Сатбаева Гульдана сайланды.

Хатшы: Измайлова Римма.

Төрайым етуші Құрылтай жиналысына жиналыстың барлық құрылтайшылары қатысатынын хабарлады.

Төрайым етуші келесі күн тәртібін ұсынды:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымының есебі. Келесі жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау.
2. Басшының бір жылдағы білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы ақпарат.
3. Балабақшадағы жазғы сауықтыру іс-шаралары туралы мәселені қарау. Есеп беру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы Сатбаева Гульдана атқарылған жұмыстарға есеп берді. Атап айтқанда балабақшаның жұмысында заң бұзушылық болмады, кеңес тарапынан қолдау көмектер көрсетілді. Қауіпсіздігі, ерекше білім беру қажет ететін балаларға әліде мамандар қажет екені атап өтілді.
2. Меңгеруші Н.Кудабаева 2023-2024 оқу жылына есеп берді. Жоспар толығымен орындалды. Балалардың күнделікті келулері, анықтамалары электронды тіркеліп отырылды. Кезекке тұруға өтініш білдіріп келген ата-аналарға консультациялар берілді. Үйде отырған балалардың ата-аналарына

арнайы Консультативный пункт бар. Жәнеде сайтқа, инстаграмм парақшасына жарияланған.

3.Әдіскер А.Адылбекова балабақшаның маусым-шілде айларына сауықтыру іс-шара жоспары бекітілген. Яғни балалардың көп таза ауада ойын ойнап, түрлі эстафеталар ұйымдастыру, мерекелік шаралар жоспарға алынған.


Шешім:

1.ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2024 – 2025 оқу жылына осы құрам өзгеріссіз қалсын

2.Әдіскер Адылбекова А жазғы сауықтыру жұмыстары жүктелсін.

Төрайым: Сәтбаева Г

Хатшы: Измайлова Р

The block contains two handwritten signatures. The first signature, corresponding to the chairperson, is written in dark ink and appears to be 'Sattbayeva G'. The second signature, corresponding to the secretary, is also in dark ink and appears to be 'Izmaylova R'. Both signatures are written over horizontal lines.

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңес құрамының тізімі
2023-2024 оқу жылы**

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Лауазымы
1	Измайлова Римма	№4-ші мектеп	Мұғалім
2	Сатпаева Гульдана	ИП «Медина»	Кәсіпкер
3	Айтмухамбетов Ерназ	ИП «Жиһаз»	Кәсіпкер
4	Рахимова-Чупенова Раушан	ИП «Рахимова-Чупенова»	кәсіпкер, көпбалалы
5	Кадролдинова Жадыра	Күршім ауруханасы	Дәрігер
6	Тлеужанова Алия	ИП ментальная арифметике	Көп балалы
7	Камзағалиева Гульвира	Көпбалалы	
8	Нуркасымова Мадина	Психолог	Көп балалы декретте
9	Қайратова Толкын	Бухгалтер	Көп балалы

Балабақша меңгерушісі:

Н.Кудабаева



Н.Кудабаева